



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 26 маусым

### Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Халықаралық Есеп айырысу Банкінің Жыл сайынғы Жиналысына қатысты

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев 2018 жылғы 23-24 маусым аралығында Базель қаласында (Швейцария) өткен Халықаралық Есеп айырысу Банкінің (ХЕБ) Жыл сайынғы Жиналысына қатысты.

Іс-шара барысында Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті, Төлемдік және нарықтық инфрақұрылымдар жөніндегі комитет, Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес, Қаржылық тұрақтылық институты, Халықаралық сақтандыруды қадағалау қауымдастығы, Халықаралық депозиттерді сақтандыру қауымдастығы, сондай-ақ Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы ұсынған, қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша таныстырылымдар ұсынылып, Халықаралық Есеп айырысу Банкінің жылдық есебінің негізгі тармақтары талқыланды.

Халықаралық Есеп айырысу Банкінің мақсаттары орталық банктер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, халықаралық қаржы операциялары үшін жаңа мүмкіндіктер жасау және оған қатысушы тараптармен шарттар негізінде берілген халықаралық төлемдік операцияларды жүргізген кезде сенім білдірілген адам немесе агент ретінде қызмет ету болып табылады.

1974 жылдан бастап Халықаралық Есеп айырысу Банкінің жанынан Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті жұмыс істейді, ол банктік реттеуді жетілдіруге бағытталған директивалар мен ұсынымдарды әзірлейді және түрлі елдерде қаржылық реттеуге қойылатын талаптарды бірдейлендіру жұмысын жүргізеді.

**Базельдік консультативтік топ** Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің бір бөлігі болып табылады, ол Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің бүкіл әлем бойынша қадағалау органдарымен банктік қадағалау мәселелері бойынша өзара іс-қимылын тереңдетуге арналған алаң. Базельдік консультативтік топ Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің мүшелері болып табылмайтын түрлі елдерден, банктік қадағалау бойынша халықаралық ұйымдардың және өңірлік топтардың жоғары лауазымды өкілдерін жинай отырып, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің жаңа бастамалары туралы ауқымды қадағалау сұхбатына ықпал етеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі 2016 жылғы қазаннан бастап Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің жанындағы Базельдік консультативтік топтың мүшесі болып табылады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)